

Awei T16 сымсыз құлаққаптары (TWS гарнитурасы) Пайдаланушы нұсқаулығы



Құрметті сатып алушы!

Сізге біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына қамқорлық жасаңыз және бұйымды одан әрі пайдалану кезінде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Bluetooth

Bluetooth – бұл құрылғылар арасында шағын қашықтықтағы сымсыз қосу түрі (әдетте 10 м дейін қашықтықта жұмыс істейді). Bluetooth көмегімен сізге мобильді телефондар/сымсыз құлаққаптар/компьютерлер секілді және т.б. құрылғылар арасында ақпарат алмасуға болады. Bluetooth технологиясы түйіндестіруді жеңілдетеді де деректердің тез және тиімді таратылуын қамтамасыз етеді.


1

Құрылғының мақсаты

Осы құрылғы музыканы, сөйлеуді немесе басқа дыбыстық сигналдарды жеке тыңдауға арналған.

Жинақталым

Сымсыз құлаққаптар x2
Пайдаланушы нұсқаулығы x1
Зарядтау кейсі x1
Зарядтау кәбілі x1



2

Құрылғының схемасы



3

Пайдалану

Құрылғыны іске қосу/сөндіру

Іске қосу: құлаққаптарды зарядтау кейсінен шығарыңыз. Олар автоматты түрде іске қосылады және жіберіңіз. Олар автоматты түрде түйіндестіріледі, түйіндестіруді бір рет орындауға жеткілікті болады.

Түйіндестіру

Бір құлаққапты қосу

1. Құлаққапты зарядтау кейсінен шығарыңыз.
2. Телефондағы Bluetooth-ді қосыңыз, құрылғылар тізімінде «AWEI T16» табыңыз және қосу үшін таңдаңыз. Табысты түрде қосылған кезде дыбыстық сигнал естіледі.

Екі құлаққаптарды қосу

1. Құлаққаптарды зарядтау кейсінен шығарған кезде олар автоматты түрде қосылады. Негізгі құлаққапта жарық индикаторы ақ және жасыл түспен жыпылықтайтын болады. Жыпылықтау аяқталған кезде құлаққаптар түйіндестіріледі және жұмыс істеуге дайын болады.
2. Телефондағы Bluetooth-ді қосыңыз, құрылғылар тізімінде «AWEI T16» табыңыз және қосу үшін таңдаңыз. Табысты түрде қосылған кезде дыбыстық сигнал естіледі.
3. Қайтадан қосу: (егер құрылғының Bluetooth функциясы қосылған болса, ал құлаққаптар түйіндестірілген құрылғылардың тізімінде болса), құлаққаптар барлық түйіндестірілген құрылғыларға автоматты түрде қосылатын болады.

4

Пайдалану

Ескертпелер:

1. Осы құлаққаптар өндіру кезінде жұп болып түйіндестірілген. Сатып алған кезде құлаққаптарды өзіңіз қосу қажеттілігі жоқ.
2. Табысты түрде түйіндестірілгеннен кейін сіз екі құлаққапта да «TWS Connected» дегенді естисіз. Олар автоматты түрде сөнеді. Басқа жағдайда көп функционалды батырманы басыңыз және 4 секунд ұстап тұрыңыз.
3. Зарядтау кейсінен шығарған кезде құлаққаптар автоматты түрде түйіндестіріледі, түйіндестіруді бір рет орындауға жеткілікті болады.

Ескертпе:

Егер құлаққаптың дыбысы болмаса, екі құлаққапты да зарядтау кейсіне салыңыз және қайтадан шығарыңыз. Құлаққаптарды қосқаннан кейін мобильді телефон автоматты түрде қосылатын болады.

Жарық индикациясы

1. Құлаққаптар Зарядтау: жасыл индикатор жанады. Зарядтау деңгейі толық; индикатор сөнеді. Түйіндестіру барысында: индикатор жасыл және ақ рет басыңыз.
2. Зарядтау кейсі: индикатор жыпылықтайды. Зарядтау деңгейі толық; барлық индикаторлар жанып тұрады.

Өнімнің ерекшеліктері

1. Ылғалдан қорғау дәрежесі: IPX6.
2. «Hands-free» функциясы.
3. Құлаққапты сымсыз зарядтау.

5

Пайдалану

Көп функционалды батырма жұмысының сипаттамасы

Кіріс қоңырауын қабылдау: батырманы басыңыз және жіберіңіз.
Кіріс қоңырауын қабылдамау: батырманы 2 секунд басып тұрыңыз.
Қоңырауды аяқтау: батырманы басыңыз және жіберіңіз.
Соңғы кіріс қоңырауға қайта қоңырау соғу: батырманы екі рет басыңыз (музыканы ойнату тоқтатылуы тиіс).
Ойнату: батырманы басыңыз және жіберіңіз.
Үзіліс: батырманы басыңыз және жіберіңіз.
Дыбыс деңгейін көтеру: сол жақ құлаққапта батырманы басыңыз және ұстап тұрыңыз.
Дыбыс деңгейін азайту: сол жақ құлаққапта батырманы ұстап тұрыңыз.
Келесі композиция: оң жақ құлаққапта батырманы екі рет басыңыз.
Алдыңғы композиция: сол жақ құлаққапта батырманы екі рет басыңыз.
Дауыстық көмекші: сол жақ құлаққапта батырманы үш рет басыңыз.
Ойын режимін іске қосу/сөндіру: оң жақ құлаққапта батырманы үш рет басыңыз.

Жарық индикациясы

1. Құлаққаптар Зарядтау: жасыл индикатор жанады. Зарядтау деңгейі толық; индикатор сөнеді. Түйіндестіру барысында: индикатор жасыл және ақ рет басыңыз.
2. Зарядтау кейсі: индикатор жыпылықтайды. Зарядтау деңгейі толық; барлық индикаторлар жанып тұрады.

Өнімнің ерекшеліктері

1. Ылғалдан қорғау дәрежесі: IPX6.
2. «Hands-free» функциясы.
3. Құлаққапты сымсыз зарядтау.

6

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі: T16.
Bluetooth нұсқасы: 5.1.
Bluetooth профильдері: HSP/ HFP/ A2DP/ AVRCP.
Күту режимінде жұмыс істеу уақыты: 300 сағ.
Сөйлесу режимінде жұмыс істеу уақыты: 8 сағ.
Музыканы ойнату режимінде жұмыс істеу уақыты: 7 сағ.
Зарядтау уақыты: 1 сағ.
Қуаттау параметрлері: 5 В.
Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.1.
Жилілік ауқымы: 2.402 ГГц – 2.480 ГГц.
Таратқыштың максималды қуаты: ≤ 4 дБм
Сақтау температурасы: -10 °C +50 °C.
Сымсыз желінің әсер ету ауқымы: 10 м.
Құлаққап аккумуляторының сыйымдылығы: 40 мА·сағ / 3.7 В.
Зарядтау тысқабы аккумуляторының сыйымдылығы: 300 мА·сағ / 3.7 В.

Динамиктердің сипаттамалары

Диаметрі: 6 мм.
Сезімталдық: 92дБ ± 3 дБ.
Кедергі: 32 Ом ± 15%.
Жилілік ауқымы: 20-20000 Гц.

7

Сақтық шаралары

Бұйымның қолдану мерзімін ұзарту және кепілдік шарттарын анық түсіну үшін төмендегі нұсқаулықтарды оқып танысуды сұраймыз.
★ Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға салмаңыз.
★ Құрылғыны тікелей күн сәулесінің немесе жоғары температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз.
★ Тақтаның зақымдануын болдырмау үшін құрылғыны төмен температуралардың әсеріне ұшыратпаңыз.
★ Құрылғыға сертификатталған маман ғана қызмет көрсетуі тиіс.
★ Құрылғыны механикалық зақымдарға ұшыратпаңыз.
★ Құрылғыны тазалау үшін химиялық жуғыш құралдарды және абразивті жуғыш заттарды қолданбаңыз.
★ Корпусы зақымдамау үшін бетіне үшкір заттармен тимеңіз.
★ Оны өте ұзақ уақыт бойы зарядтамаңыз, себебі артық заряд батареяның пайдалану мерзімін азайтады.

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Байланыс деректері:

twitter : https://www.twitter.com/aweiearphone
facebook : https://www.facebook.com/aweiproducts
instagram : http://www.instagram.com/aweiearphone

8

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Ялэ Электроникс Ко., Лтд. 4F, 2 ғим., Юэжинтай өнеркәсіптік паркі, Хуажун тас жолы, Далан көш., жаңа Лунхуа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Өндірістің жасаушы-зауыттың филиалы: Шэньчжэнь Ялэ Электроникс Ко., Лтд. 4 ғим., № 97 Хуансин тас жолы, Кайцзеда өнеркәсіптік паркі, жаңа Лунхуа ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Импортер / нар. лиц. прнимашоце претензии в Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», т. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.
Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нур-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан, Қытайда жасалған.
Тауар ЕАЭО ТР 037/2016 «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» Еуразиялық экономикалық одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкес келеді. Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Аспаптық жинақталымы алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
Тауардың дайындалған күні, кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Байланыс деректері:

twitter : https://www.twitter.com/aweiearphone
facebook : https://www.facebook.com/aweiproducts
instagram : http://www.instagram.com/aweiearphone

9

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайы сақталғанда кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы: https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы: https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

10

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және көдеге жарату ережелері мен шарттары

★ Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
★ Құрылғыны сақтау қаптамада өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °C бастап 40 °C дейін ауа температурасында және ауаның 80 % аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
★ Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
★ Құрылғы ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
★ Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
★ Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен көдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына көдеге жарату керек. Осы бұйымды көдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін зиянның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және көдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы: https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы: https://www.dns-shop.ru/technical-support/

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

Интернеттегі мекенжайы: www.awei.hk v.1

11

AWEI кепілдік талоны

Үлгісі №	Штрих коды	Тел.	Тех. қызмет көрсету күні
Сатып алушы		Тел.	
Мекенжайы			
Сатушы		Тел.	
Мекенжайы			
Сатып алынған күні		Тех. қызмет көрсету күні	
Ақау		Қызмет көрсету уақыты	
Ескертпелер			

★ Құрылғының ақаулығын анықтаған кезде дереу авторизацияланған сервис орталығына хабарласу немесе құрылғыны көдеге жарату керек.